



ҒЫЛЫМ

Сайын даланың еркесіне қызығушылар көп

Жәңгір хан университетіне жұмыс сапарымен келген **Өзбекстан Республикасының Экология, қоршаған ортаны қорғау және климаттың өзгеруі министрлігінің** өкілдері «Ақбөкен» тәлімбағында болды.

Аталған министрлікке қарасты Орман шаруашылығы, биоалуантүрлілік және экотуризм саласындағы саясатты іске асыру департаментінің басшысы Бахром Холхужаев пен Ормандарды және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту және шөлейттенуге қарсы күрес басқармасының бас маманы Сарвар Ах-

медовті университеттің ғылым жөніндегі проректоры Әлжан Шәмшідін қабылдап, делегацияның келу мақсатын талқылады. Белгілі болғанындай, өзбекстандық делегациясының мақсаты – университет ғалымдарының тәлімбақта киік өсіру тәжірибесімен танысу.

Бұдан соң меймандар білім ордасының ғалымдарымен бірге қала шетіндегі «Ақбөкен» тәлімбағына барып, қолға үйретілген дала жануарларын көздерімен көріп, ондағы жұмыс барысымен танысты.

– Өзбекстан үкіметі тарапынан Қарақалпақстан Республикасы аумағында киіктердің санын көбейту бойынша міндет қойылған болатын. Осы



мақсатта биылғы жылы арнайы жұмыс тобы құрылды. Алдымен Қарақалпақстан жеріндегі жергілікті жағдайды, ондағы қорықтар мен тәлімбақтардың жай-күйін зерттедік. Ал осы алғашқы сапарымызда Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің киіктерді тәлімбақта ұстау тәжірибесімен таныспақпыз. Қарақалпақстан жерінде осындай тәлімбақ құру жоспарымызда бар. Бізде әзірге мұндай тәжірибе жоқ. Өзбекстанға киіктер табиғи жолмен өздері қоныстануда. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, бізде республика бойынша шамамен 300-дей киік бар. Олардың санын көбейтуге де ден қоюдамыз. Осы бағытта

Қазақстан тарапынан экологиялық дәліз құру туралы мәселе көтерілді. Мұны да алдағы уақытта жан-жақты талқылайтын боламыз, – деді Өзбекстанның Экология, қоршаған ортаны қорғау және климаттың өзгеруі министрлігінің өкілі Б.Холхужаев.

Жәңгір хан университетінің ғылым жөніндегі проректоры Әлжан Смайылұлының айтуынша, бұл жобаға бұған дейін Әзірбайжан мен Қытай елдері де қызығушылық танытқан. Ал Өзбекстан мемлекетіне жасаған ғылыми сапары барысында ондағы мамандар БҚАТУ-дың осы тәжірибесіне ерекше назар аударған екен.



СПОРТ

«Сергек бол!» – спортивный старт первокурсников

В университете Жангир хана прошло традиционное спортивное мероприятие для студентов I курса «Сергек бол».

В торжественной церемонии открытия в субботу приняли участие проректор по воспитательной и социальной работе университета Акылбек Султанов,

директор городского спортивного клуба «Орал» Орынбасар Гилимов, преподаватели и студенты.

На торжественном мероприятии обучающиеся провели утреннюю зарядку и освежились перед соревнованиями. Затем участники мероприятия «Сергек бол» соревновались между собой по восьми

видам спорта. В итоге команда Факультета гуманитарной, спортивной и военной подготовки заняла 1 место в играх по волейболу среди мужчин и среди девушек, баскетболу среди мужчин, настольному теннису, армрестлингу, тоғызқұмалақ. В соревнованиях по перетягиванию каната доминировала команда Политехническо-

го института, а в футболе победу одержали обучающиеся Индустриально-технологического института. В шахматах спортсмены Института экономики и устойчивого развития заняли 1-е место, а в баскетболе среди девушек — студентки Института ветеринарии и агротехнологии одержали заслуженную победу.



Сенім мен үмітке толы басты құжат

Мемлекет басшысының кезекті «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауы ел алдында тұрған стратегиялық міндеттерді айқын көрсетіп берді.

Президент қазіргі заманның негізгі белгісі – технологиялық даму, әсіресе, жасанды интеллектінің ықпалы күшейіп келе жатқанын нақты атап өтті. Бұл – еліміз үшін үлкен сын әрі үлкен мүмкіндік. Цифрлық өзгерістерді қабылдап, оны ұтымды пайдалану – Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолындағы шешуші фактор. Кіріспе бөлімде мемлекет пен қоғамның алдында тұрған өзекті мәселелер ашық айтылып, олардың шешу жолдарына басымдық берілді. Жолдаудың осы тұсында Президент халықтың әл-ауқаты мен елдің тұрақты дамуы үшін ғылым мен технологияны, адами капиталды, инновациялық ойлауды басты орынға қою керектігін ұсынды. Бұл Қазақстанның жаңа дәуірге қадам басуға дайын екенін білдіретін маңызды саяси мәлімдеме. Ол үшін, ең алдымен, Цифрлық кодексті тезірек қабылдаған жөн. Бұл заңда цифрландыру үдерісінің негізгі бағыттары, соның ішінде жасанды интеллект, платформалық экономика, үлкен дерекқорларды пайдалану және басқа да мәселелер айқындалуға тиіс. Осы орайда алдымызда тұрған бірқатар маңызды міндеттерге тоқталып өткім келеді.



Президент Қазақстан экономикасының болашағы инвестиция көлемі мен сапасына тікелей байланысты екенін нақты айтты. Жаңа технологиялар мен жасанды интеллект дәуірінде шетелдік және отандық инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасау басты міндет ретінде қойылды. Бұл бағытта инвестициялық саясатты жетілдіру, нақты секторды қолдау және қаржы нарығын тұрақтандыру бойынша жүйелі шаралар ұсынылды. Қаржы реттеу тетіктерін жеңілдету, инвесторлармен тиімді диалог орнату қажеттілігі айтылды. Үкіметке банктерді өндірістік жобаларды қаржыландыруға тарту арқылы нақты іс-қимыл жоспарын әзірлеу тапсырылды. Инвесторлар үшін инфрақұрылымдық

қолдау, салықтық жеңілдіктер мен құқықтық кепілдіктер күшейтіледі. Қолжетімді әрі ашық инвестициялық орта қалыптастыру – еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жол ашады. Президент инвестиция тартудың цифрлық жүйелермен байланысты жаңа үлгісін енгізуді ұсынды. Бұл бастамалар Қазақстанды өңірлік инвестициялық хаб ретінде дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар киберқылмыстардың алдын алуға мүмкіндік беретін барынша интелектуалды жүйе құру керек.

Жолдауда еліміздегі өнеркәсіп, энергетика, көлік және логистика салаларын дамытуға, ауыл шаруашылық саласын жаңа деңгейге көтеруге, жерді тиімді пайдалануға, цифрлық технологияларды кеңінен қолдануға, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен су инфрақұрылымын жаңғыртуға байланысты мәселелер бойынша нақты міндеттер қойылып, тиімді жоспарлар ұсынылды.

Аталған стратегиялық құжатта еліміздің халықаралық ынтымақтастық бағытындағы ұстанымы айқын көрсетілді. Президент Қазақстан әрқашан бейбітшілік пен өзара тиімді серіктестікке негізделген сыртқы саясатты ұстанатынын атап өтті. Алыс-жақын шет елдермен тең дәрежелі байланыс орнату, дипломатиялық қарым-қатынастарды одан әрі нығайту еліміздің халықаралық беделін арттыра түседі. Жолдауда Қазақстанмен серіктестікке ниетті кез келген елмен ашық әрі прагматикалық байланыс орнатуға дайын

екеніміз баса айтылды. Бұл – сыртқы саясаттағы тұрақтылық, экономикалық әріптестікті және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды алғышарты. Президенттің бұл бағыты – жаһандану дәуірінде Қазақстанның орнықты даму жолын жалғастыруының кепілі. Мұндай ұстаным еліміздің халықаралық аренадағы белсенді рөлін сақтап қана қоймай, жаңа инвестициялық мүмкіндіктер мен стратегиялық серіктестіктерге жол ашады.

Жылдың басты құжатының қорытынды бөлігі ел болашағына бағытталған нақты сенім мен үмітке толы. Қасым-Жомарт Кемелұлы халқымызды жаңа дәуір талаптарына бейімделуге, бірлік пен жауапкершілік танытуға шақырды. Бұл – тек Үкіметке емес, әрбір азаматқа жүктелген ортақ міндет. Негізгі мақсаты – әділетті қоғаммен қуатты мемлекет қалыптастыру. Президент «Мақсат айқын, жол белгілі» деп атап өтті. Бұл – ұлттың даму бағытын айқындайтын маңызды ұстаным. Жолдау халқымызға ел бірлігін, жауапкершілік пен жаңашылдықты ту еткен тың серпін сыйлады. Бұл әрбір қазақстандықтың болашаққа деген сенімін қалыптастырып, өз Отанының өсіп-өркендеуіне үлес қосу жолындағы жігерін жани түскені анық.

Максат ДЖАНГУЖИЕВ
«Гуманитарлық, спорттық және әскери дайындық» факультеті, Гуманитарлық және спорттық пәндерді оқыту орталығының аға оқытушысы, филология докторы (PhD)

Ел дамуына біз де үлес қосуымыз керек

Мемлекет басшысының биылғы Жолдауы – ел дамуының жаңа кезеңіне бастайтын нақты әрі маңызды құжат деп есептеймін.

Экономиканы әртараптандыру, инфрақұрылымды дамыту, білім беру мен кадр даярлауға басымдық беру – ел болашағы үшін аса өзекті мәселелер. Әсіресе, жастарға білім мен кәсіп үйретуге арналған бастамалар көңілге қонады. Сондай-ақ жол сапасын жақсарту мен ауылдарды дамытуға бағытталған шаралар тұрғындар өмір сапасын арттырады деп сенемін.

Маңызды құжатта айтылған тапсырмалардың уақтылы әрі сапалы орындалуы – басты мәселе. Біз Қазақстан азаматы ретінде бұл өзгерістерге атсалысып, ел дамуына өз үлесімізді қосуымыз керек деп ойлаймын. Иә, Президентіміздің техникалық кадрларды дамыту жөніндегі бастамасы – өте өзекті.

Университетіміздегі Политехникалық институтта бұл бағытта нақты жұмыстар атқарылуда. Институтымызда бүгінгі таңда агроинженерия; көлік, көлік техникасы және технология; электр техникасы және энергетика; механика және металл өңдеу; стандарттау, сертификаттау және метрология; санитарлық-профилактикалық іс, электр



ротехника және автоматизация сияқты техникалық мамандықтар бойынша мамандар даярланады. Осы мамандықтарда оқып жатқан студенттеріміз теориялық білім алумен қатар тәжірибелік дағдыларын дамыту үшін өндірістік практиканы өтеді. Бұл бағытта біз өңірдегі жетекші кәсіпорындармен тығыз байланыс орнаттық. Яғни, біздің білім алушылар ««Батыс Қазақстан электр желілерін тарату компаниясы» ЖШС (электрмен жабдықтау саласында), «Орал трансформатор зауыты» ЖШС (электр жабдықтау өндірісі), «KEGOC» АҚ (ұлттық электр желілері) «Уральскаггоремаш» АҚ (ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу және қызмет көрсету), «Зенит» зауыты (машина жасау және қорғаныс-өнеркәсіп саласы),

«Гидроприбор» ҒЗИ (ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар), «Жайық жылуқуат» АҚ (жылу-энергетика саласы), «Орал құс фабрикасы» ЖШС (агроөнеркәсіптік кешен) сынды мекемелерде өндірістік және диплом алдындағы практиканы өтеді.

Сондай-ақ студенттеріміз өз мамандығына сай басқа да жергілікті кәсіпорындарда өндірістік тәжірибеден өтіп, нақты еңбек нарығына бейімделіп шығады. Бұл оларға оқу бітірген соң жұмысқа орналасуға үлкен мүмкіндік береді. Теория мен практиканың тығыз байланысын қамтамасыз ететін дуалды білім беру элементтері де енгізілуде. Біздің мақсатымыз – теорияны меңгерумен қатар нақты өндірісте жұмыс істей алатын, заманауи талаптарға сай, бәсекеге қабілетті техникалық мамандарды даярлау. Сол себепті де біз өндіріс орындарымен тығыз байланыс орнатып, студенттеріміздің болашақта өз саласының үздігі атануына барлық жағдайды жасаудамыз.

Уақыт талабына сай сапалы білім, тәжірибемен ұштасқан кәсіби дағды – бүгінгі инженер маманның басты бағдары осылар.

Бибігүл САРБАЛИНА
Политехникалық институт директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, т.ғ.к.

Ставка на образование, науку и инновации

Президент РК Касым-Жомарт Токаев выступил с ежегодным Посланием народу страны. В своём обращении глава государства обозначил стратегические приоритеты: развитие экономики знаний, модернизацию образования, поддержку науки и внедрение инноваций.

Президент подчеркнул: «В условиях перехода к экономике знаний важно интегрировать управление наукой, образованием и инновациями». При этом он отметил, что, несмотря на значительные государственные инвестиции в науку, отдача в виде новых технологий, патентов и производств остаётся недостаточной.

Инновационную политику предлагается передать в ведение Министерства науки и высшего образования, которое совместно с Академией наук должно заниматься координацией вузов и научных институтов. Особое внимание Президент уделил университетам, делающим ставку на искусственный интеллект.

Глава государства также отметил необходимость дополнительных мер поддержки талантливых исследователей и разработки эффективных механизмов возвращения в страну квалифицированных специалистов. При этом он подчеркнул, что Казахстан должен активно привлекать профессионалов из-за рубежа, независимо от их на-



циональности, создавая условия для их долгосрочной работы и жизни в стране.

«Нам нужны квалифицированные специалисты, прежде всего настоящие мастера своего дела в технических профессиях. Говоря современными терминами, требуются “высококачественные человеческие ресурсы”, потому что именно образованные и ответственные граждане формируют основу национальной экономики и будущее Казахстана», — отметил Президент.

Таким образом, Послание стало чётким ориентиром для органов власти, научного сообщества и образовательной системы, определив курс на создание экономики знаний и формирование конкурентоспособных человеческих ресурсов для устойчивого развития Казахстана.

Ильмира ЕРБУЛАТОВА,
и.о.доцента, доктор PhD



Бірінші курс студенттеріне кеңес

Биыл «студент» атанған жастар үлкен шаһарға арман қуып келіп, білім әлемінің тұңғығына бойлауда. Тұңғыққа тереңірек бойлау үшін ЖОО-да қалай оқу керек деген сауал туындайды. Талабы күшті, көздеген шыңын бағындыра алатын болашақ мамандарға бірер кеңес ұсынсақ дейміз.

Іздену қабілеті

Жоғарғы оқу орындарында ақпараттың барлығы берілмейді. Көбіне мәліметті іздеуге бағыт-бағдар сілтенеді, ал студенттер сол бағыт бойынша өздері ізденеді. Мәліметтерді дер кезінде табу оңай емес. Мамандық алып шығамын деген талапкер осыған дағдылануы керек.



Өз-өзін басқара білу

Студенттердің басым бөлігі «бәрін білгім келеді» деген сөзді жақсы көреді. Сол себепті әркімнің сөзіне сенгіш болады. Қоғамның қозғаушы күші де – осы студенттер. Бәріне сақтықпен қараған дұрыс. Өз-өзіңізге жауап беру – үлкен іс.

Ел алдында сөйлеу

Күндердің бір күнінде ел алдында сөйлеуге тура келеді. Ауызша емтихан, семинар тапсыру, дипломдық жұмыс қорғау керек. Тобыңыздағы құрбыңыздың артына тығылу, әсте, жараспайды. Батылдық – сізді алып шығатын серігіңіз.

Ұнамайтын жұмыстарды да жасау

Өмірде түрлі жұмыс бар. Оның бәрі бірдей сізге ұнай бермейді. Университет қабырғасында сізге ұнамайтын тапсырмалар жүктелуі мүмкін. Аралық бақылауға сіз ұнатпайтын тақырыпты қорғауға берсе, бас тартпай орындап көрген жөн.

Өз бетімен оқу

Ақпаратты іздеу – бұл аз. Оның арасынан өзіне керекін ғана алып, түсініп, санаға жүктеу керек. Өзгенің миымен ойлану бүгінгі күннің талабына жатпайды. Сол үшін өз бетімен оқып, ақпаратты сіңіре алу керек.



Топ болып жұмыс істеу

Жоғарғы оқу орнында студент көппен бірге жұмыс жасап үйренуі керек. Көпшілік ортада өз ойын еркін жеткізіп, таныта алуы тиіс. Көптің бірі болу – қазіргі студенттерге жат. Бірі өнерімен, бірі іскерлігімен, бірі спорттық қабілетімен, бірі басқару ерекшелігімен ортада ерекшеленіп тұруы қажет. Көлдің тамшыдан құралатынын ұмытпаған абзал.

Әртүрлі адамдармен сөйлесе білу

Бір топта бірнеше мінез, бірнеше келбет, бірнеше дауыс бар. Олар бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Олардың бәрімен тіл табысу – зор өнер. Студенттік топ – өз ортаң. Ал профессор-оқытушылар қауымымен мәдениетті түрде сөйлесіп, сөйлеу этикасын қалыптастырған дұрыс.



Мақсат қоя білу

Мақсат қоя білу – үлкен жауапкершілікті талап етеді. 24 сағат ішінде оқып та, тамақтанып та, демалып та үлгеру керек. Ал үлгеру үшін жоспар керек. Жоспар дегеніңіз – мақсат. Бір күнге мақсатты дұрыс қоя білген адам өмірде де адаспайды.

Ғаламтордан алынды



Студенттер қосалқы станцияда болды

Политехникалық институт оқытушылары болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында практикаға бағытталған сабақтарды түрлі мекемелерде ұйымдастыруда.

Сондай сабақтардың бірі «Электрмен жабдықтау» білім беру бағдарламасының 4-курс студенттерімен «Бірлік» қосалқы станциясында (110/35/10 кВ) өткізілді. Сабақ барысында болашақ энергетика саласының мамандарына «Электр қондырғыларындағы электр қауіпсіздігі» пәні бойынша электр қондырғылармен қауіпсіз жұмыс істеу режимдері және

апаттық жағдайда қолданылатын техникалық шаралар түсіндірілді. Бұл ретте білім алушыларға «Батыс Қазақстан ЭТК» ЖШС-ның өндіріс бақылау бөлімінің жетекшісі Тлек Молдашұлы Харин нақты өндірістегі тәжірибені таныстырып, құнды ақпараттармен бөлісті. Сабаққа жауапты оқытушылар – Әйгерім Бауыржанқызы Басирова мен Әділ Амангелдіұлы Қанатбаев.

Мұндай тәжірибелік сабақтар студенттерге білім беріп қана қоймай, өздерінің таңдаған мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттырады.

Ербол ЕРБАЕВ
доцент м.а., PhD докторы



Студенттік өмірдің жаңа парағы ашылды...

Иә, биылғы оқу жылында Жәңгір хан университетіне алыс-жақын аудан-ауылдардан, тіпті өзге өңірлерден білім іздеп келген жас толқын – 1-курс студенттері үшін жаңа өмір белесі басталды. Біз сол жастарға өз сауалдарымызды жолдап, олардың алғашқы әсерлерімен бөлісуді жөн көрдік.



Біз жолдаған сауалдар:

1. Он бір жылдықты қай мектептен тәмамдадың?
2. Университетке алғаш келгендегі әсерің?
3. Бейімделу процесінде қиындық туғызып жатқан жағдайлар бар ма?
4. Бос уақытыңды қалай өткізіп жүрсің?
5. Егер саған студенттер арасында қызықты шара ұйымдастыр десе...?
6. Студенттік жылдардағы алға қойған мақсатың?



Мөлдір МҰСАБАЕВА, Ветеринария және агротехнология институты:

– Мен Оралға Атырау облысынан келдім. Жылыой ауданындағы №16 Д.Жазықбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектептің түлегімін. Университетке алған келгенде бойымды ерекше толқу мен қуаныш сезімі биледі. Жаңа орта, бейтаныс адамдар, үлкен ғимараттар – бәрі маған қызық әрі әсерлі көрінді. Бір жағынан жүрегімде қобалжу да болды, өйткені бұл – мен үшін жаңа бастама, болашаққа деген үлкен үміт пен сенімнің бастауы еді. Жалпы бейімделу процесінде маған жаңа ортаға үйрену, уақытты тиімді жоспарлау, университет жүйесіне үйренісу сәл қиындық туғызды. Дегенмен, группаластарымның қолдауы мен жетекшіміздің бағыт-бағдарының арқасында бұл қиындықтарды еңсеріп, қазір өзімді сенімді әрі жайлы сезінемін. Тіпті университет белсенділерімен бірге спорттық және дебат ойындарын жалғастырудамын. Ал жатақханада түрлі ойындар ұйымдастыру, сабаққа дайындау, кезекшілік атқару сынды тірліктермен уақыт тиімді әрі қызықты өтуде.

Егер маған мүмкіндік берілсе, студенттер арасында интеллектуалды ойындар, дебат турнирлері мен тарихи кештер өткізер едім. Себебі өз тарихын білмеген



халық – өткенінен қол үзіп, болашағын бағамдай алмайды. Сондықтан да бүгінгі жастарға тарихты танытатын мазмұнды кештер мен танымдық дебат алаңдарын ұсынар едім.

Ең бірінші мақсатым – жақсы маман иесі болу. Оқуымды үздік оқып, қызыл диплом иегері атанамын деген үлкен арман-мақсатыммен осы университетті таңдаған едім. Енді сол айқын мақсатым мен асқақ арманымға жету үшін үздіксіз әрекет етемін.

Аруна НАУРЫЗ, Цифрлық экономика және тұрақты даму институтының студенті:

– Мен 11-сыныпты Аксай қаласындағы №7 ЖОББ мектебінен бітірдім. Алғаш университетке келгенде оқу орнының үлкендігі және оның әдемі кампусы мені таң қалдырды. Ал бейімделу процесінде және сабақ кезінде ешқандай қиыншылықтар туындаған жоқ. Өйткені мен бірінші күннен бастап ортақ қызығушылықтарымыз бар адамдарға жолықтым. Бос уақытымда демаламын немесе фильм қараймын және сүйікті істеріммен айналысамын.

Егер маған студенттер арасында тағылымы мол, есте қаларлық шара ұйымдастыр десе, ми жұмысын дамытуға арналған форматты ұсынар едім. Мысалы, брейн-ринг, интеллектуалды викторина немесе командалық логикалық ойындар.




Алға қояр ең басты мақсаттарым – студенттік жылдарды жарқын естеліктерге толы етіп өткізу, оқуды ойдағыдай аяқтап, болашақта білікті мамандардың қатарынан көріну.

Асемгуль КАРАЖАНОВА, студентка Индустриально-технологического института:

– Я окончила среднюю общеобразовательную школу №5 города Аксай. Моё первое впечатление при поступлении было волнительным, но довольно интересным. Трудностей в учёбе нет, я быстро привыкла к университету, преподавателям и одногруппникам. Как староста группы, я могу сказать, что мы все очень хорошо дружим. Я сама в свободное время изучаю английский язык.

Я бы организовала творческий вечер с выступлениями студентов, конкурсами и музыкальной программой с целью создания захватывающей, запоминающейся атмосферы, чтобы у студентов остались яркие воспоминания.

Моя главная цель – получить качественное образование, стать профессионалом и реализовать свою мечту.



Жанаргүл ЖАНЗАКОВА, Политехникалық институтының студенті:

– Мен Аксай қаласындағы №1 ЖОББ мектебінің түлегімін. Университетке алғаш келгенде жақсы әсерде болдым, жаңа ортаға келіп, таныстарым көбейді. Алғашқы күндері сәл қобалжу болды, бейтаныс мұғалімдер мен студенттер болғандықтан шығар.

Бірақ біртіндеп бәріне үйреніп келемін. Аудиториялардағы дәрістер, белсенді студенттік өмір, жаңа достар — осының бәрі менің университет туралы ойымды жақсы жағынан өзгертті. Бұл – тек білім алатын емес, өзінді дамытатын үлкен өмір мектебі екенін түсіндім. Әрине, бастапқы кезде сабақтағы терминдерді түсіну мен топқа үйрену қиындық туғызды. Мектептегідей емес екенін түсіндім. Мектепте мұғалімдеріміз бұл кезеңнің қиындығы болатынын айтып еді, қателеспеген екен. Шынымен де, жоғары оқу орнында білім алудың жауапкершілігі мол екен. Өзім сабақтан бос уақытымда серуендеймін, достарыммен кездесемін немесе қызықты бейнеақпараттар мен подкасттар тындаймын.

Егер маған мүмкіндік берілсе, «Танысу кешін» немесе «Квест ойын» форматында іс-шара ұйымдастырар едім. Бұл – студенттердің бір-бірімен жақынырақ танысып, достасуына жақсы мүмкіндік болары анық.

Студенттік жылдарда өз-өзімді дамытып, жаңа дағдылар меңгеруді, студенттік өмірдің қалай өтетінін сезінуді мақсат етемін.

Меншік иесі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.
Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа
орталығының
директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Компьютерде
беттеуші
және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 591
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 206-бөлме
1-42
info_zkatu@mail.ru